

БЕКІТЕМІН

Директор  
ЖШС "Микроқаржылық ұйым Юникредо"

/ Кан Ю.В.



## Микрокредит беру туралы шартқа қосылу шартты.

Осы «Юникредо микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - МҚҰ) жеке тұлғамен (бұдан әрі – Қарыз алушылар) күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге жасалған, республикалық бюджет туралы занды тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселентен мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредит беруге қосылу шартты (бұдан әрі - Қосылу шартты).

Микрокредит беру туралы шартқа Қосылу шартты стандартты болып табылады және Микрокредит беру туралы шартқа (бұдан әрі - МК шартты) қол кою арқылы жасалады.

Қосылу шартты, МК шартты және Қосылу шартты аясында ресімделетін басқа да құжаттар бірынғай құжат ретінде қаралады.

### 1. Жалпы шарттар

1.1. Микрокредит (бұдан әрі - МК) беру ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық және қамтамасыз ету шарттарында (егер МК бойынша қамтамасыз ету МК шартының шарттарында көзделге болса) жүзеге асырылады.

1.2. Микрокредит Микрокредитті алуға өтінішті берген кезде Қарыз алушымен саул намада көрсетілген, Қарыз алушының банктік/карточкалық шотына Микрокредиттің сомасын аудару жолымен беріледі.

1.3. Жеке тұлғамен жасасқан Микрокредитті беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы №209 Қаулысымен белгіленген микрокредитті беру сомасынан 30 (отыз) процентті құрайды.

### 2. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі.

2.1. Қарыз алушының жеке тұлғамен жасалған Шарт бойынша жүзеге асырылған төлем сомасы, егер ол Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) микрокредиттерді өтеу шығындары (бар болса);
- 2) шартпен айқындалған тұрақсыздық айыбы (айыппұл, есімпұл);
- 3) сыйақы бойынша қарыз;
- 4) негізгі борыштың сомасы.

### 3. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың қамтамасыз ету (бар болған жағдайда).

5.1. Респубуликалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге микрокредит беру туралы шарт бойынша міндettемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету – көзделмеген.

#### 4. Міндettемелерді орындауда кезінде қолданылатын шаралар.

4.1. Қарыз алушы жеке тұлға Шарт бойынша міндettемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда МҚҰ берешекті мынадай шараларын қабылдайды:

- қарыз алушы Шарт бойынша өз міндettемелерін орындаған және/немесе тиісінше орындаған жағдайда, атқарушылық жазбаны шыгару үшін нотариуска және сот органдарына шарт бойынша қарыз алушыдан берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу және микрокредит сомасын тиесілі сыйақымен бірге қайтару, тұрақсыздық айбы мен айыппұлдарды төлеу, шартты бұзу, мемлекеттік бажды, сот және өзге де шығыстарды қарыз алушының шотына жатқыза отырып, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қарыз алушының кез келген мүлкінен өндіріп, сондай-ақ қарыз алушының осы Шарт бойынша берешектерінің сомаларын өндіріп алу бойынша қарыз беруші шеккен шығыстарды төлеуді талап етуге құқылы;
- тараптар МҚҰ тіркелген жері бойынша нотариалды атқарушылық жазбаның орындалу мекенжайын анықтау туралы келісімге келді.
- микрокредитті өтеу кезінде 90 күнтізбелік күннен артық кідірген жағдайда МҚҰ микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғага беруге құқылы, микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-катаинастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық катынастарына қолданылады.
- Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндettемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған кезде МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Шартта көзделген өзге де шараларды қабылдауға құқылы.

#### 5. Шарттың қолданылу мерзімі.

5.1. Осы Шарт Тараптар МК шартына қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы МҚҰ алдындағы өз міндettемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

5.2. Қарыз алушы берешек сомасын толық көлемде мерзімінен бұрын өтеген кезде Шарт Қарыз алушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

5.3. Шарт МҚҰ бастамасы бойынша мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін:

- 1) Қарыз алушы 40 күнтізбелік күннен астам микрокредит және/немесе есептелген тұрақсыздық айбы бойынша кезекті төлемді төлеу міндettемесін бұзған жағдайда;
- 2) Қарыз алушы Шарт бойынша өзге міндettемені елеулі түрде бұзған жағдайларда.

#### 6. Қарыз алушының құқықтары мен міндettтері

##### 6.1. Қарыз алушы құқылы:

6.1.1. микрокредиттер беру қагидаларымен, микроқаржы ұйымының микрокредиттер беру тарифтерімен танысуға;

6.1.2. алған микрокредитке микрокредит беру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен билік етуге;

6.1.3. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі бірінші жұмыс күні төлеуді жүргізу

6.1.4. қарыз алушы-жеке тұлға шарт бойынша міндettемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұйымға баруға және (немесе) шарт бойынша міндettемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және

шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы, оның ішінде шарт ооиынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері туралы мәліметтерді, кірістерді және шарттың талаптарына байланысты басқа да расталған мән-жайларды (фактілерді) қамтитын өтінішті жазбаша нысандада не шартта көзделген тәсілмен ұсынуға құқылы.:

- 1) сыйақы ставкасын не шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге жол берілмейді;
- 2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру арқылы жүзеге асырылады;
- 3) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;
- 4) микрокредит мерзімін өзгертуге;
- 5) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, күшін жою арқылы жүзеге асырылады

микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)

6.1.5. қарыз алушы-жеке тұлға Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы МҚҰ шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде бір мезгілде МҚҰ-ны хабардар ете отырып, үәкілетті органга жүгінуге құқылы

6.1.6. шарт бойынша берілген микрокредит сомасын шартта көзделген тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, МҚҰ-ға мерзімінен бұрын толық немесе ішінәра қайтаруга

6.1.7. микрокредит беру туралы өзі жасасқан шарт бойынша құқық (талап ету) басқага берілген жағдайда, Заңның 9-1-бабы 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсманына жүгінуге құқығы бар. Көрсетілген құқық жеке тұлға болып табылатын қарыз алушыға қолданылады;

6.1.8. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде ұйымға жазбаша өтініш жиберуге.

6.1.9. өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғауға;

6.1.10. осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

## **6.2. Қарыз алушы міндетті:**

6.2.1. алынған микрокредитті Шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен қайтаруға және ол бойынша сыйақы төлеуге;

6.2.2. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы «Микроқаржы қызметі туралы» Заңына сәйкес МҚҰ сұратқан құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

6.2.3. егер қарыз алушы Қарыз берушіге микрокредит сомасын аударғаннан кейін Микрокредиттен бас тартқан жағдайда, Қарыз алушы Қарыз беруші микрокредит берген сәтten бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қарыз берушінің банк шотына микрокредит сомасын қайтаруды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Қарыз алушы Қарыз берушіге күнтізбелік 5 (бес) күн үшін есептелген сыйақыны төлеуге міндетті

6.2.4. МҚҰ-ға тұргылықты жерінің немесе тіркеу мекенжайының, ұялы телефон нөмірінің (нөмірлерінің), жеке басты куәландыратын құжаттардың деректемелерінің, жұмыс орнының немесе бизнесті жүргізуін кез келген өзгерістері, банк деректемелерінің және МҚҰ-ға ұсынылған басқа да деректердің өзгеруі туралы осындай өзгерістер туындаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті. Қарыз алушы осы міндетті орындаған жағдайда:

- 1) МҚҰ Шартта көрсетілген немесе қарыз алушы бұрын берген деректерді, соның ішінде МҚҰ-ның шартты орындауга, өзгертуге немесе тоқтатуға, сондай-ақ берешекті соттан тыс және (немесе) сот тәртібімен өндіріп алуға қажетті немесе байланысты хабарламалар/хабарламалар бойынша барлық міндеттемелерін түпнұсқа және өзекті деп санауға құқылы;

- 2) МҚҰ жауапты болмайды және Қарыз алушы үшінші тұлғалардың байланыс және дербес деректерді, сондай-ақ шартқа қол қою кезінде және (немесе) үшінші тұлғалардың микро

кредит, шарт немесе қарыз алушы туралы ақпаратты алуы және пайдалануы кезінде берілген/жасалған/ пайдаланылған электрондық сәйкестендіру құралдарын, оның ішінде Қарыз алушының логиндерін, парольдерін, ЭЦҚ-сын және биометриялық деректерін зансыз пайдаланғаны үшін жауапкершілікті және барлық қолайсыз салдарларды өзіне қабылдайды.

6.2.5. Қазақстан Республикасының заннамасында және МҚҰ-мен жасалған шартта белгіленген өзге де талантарды орындауга.

## 7. МҚҰ құқықтары мен міндеттері

### 7.1. МҚҰ құқылы:

7.1.1. Шарттың талантарын қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;

7.1.2. по соглашению сторон увеличивать срок действия договора о предоставлении микрокредита на действующих или улучшающих условиях

7.1.3. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтаруға және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық құнтізбелік құннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге.

7.1.4. атқару жазбасын шығару үшін нотариусқа және сот органдарына шарт бойынша қарыз алушыдан берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу және микрокредит сомасын тиесілі сыйақымен бірге қайтару, тұрақсыздық айыбы мен айыппұлдарды төлеу, шартты бұзу туралы, мемлекеттік бажды, сот шығыстарын және өзге де шығыстарды қарыз алушының шотына жатқыза отырып, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасында белгіленген тәртіппен қарыз алушының кез келген мүлкінен өндіріп алу арқылы жүгіну туралы өтінішпен жүгінуге, сондай-ақ, қарыз алушының осы Шарт бойынша берешектерінің сомаларын өндіріп алу бойынша қарыз беруші шеккен

7.1.5. микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғага беруге Қазақстан Республикасының заннамасында микрокредит беру туралы шарт шенберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына қойылатын талантар мен шектеулер өз қолданысын құқық (талап ету)берілген үшінші тұлғамен қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданады.

7.1.6. Қарыз алушыдан шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті мәліметтерді және Қарыз алушының қаржылық жағдайы туралы барлық қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

7.1.7. Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғага аударуды жүзеге асыруға;

7.1.8. қарыз алушы төлемдерді өтеу бөлігінде шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған және/немесе тиісінше орындаған жағдайда Қарыз алушымен, сондай-ақ қарыз алушы сауалнамада көрсеткен байланысуши тұлғалармен аптаның кез келген күні сағат 8-00-ден 21-00-ге дейінгі кезеңде байланыс жасау

7.1.9. Қазақстан Республикасының заннамасында және Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### 7.2. МҚҰ міндетті

7.2.1. шарт бойынша МҚҰ құқығының (талап ету) үшінші тұлғага өту талантары қамтылған шартты (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасау кезінде қарыз алушыны (немесе оның үекілетті өкілін) хабардар етуге:

- талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талантардың) үшінші тұлғага өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерін шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заннамасына қайшы келмейтін тәсілмен өндеду туралы;

- микрокредитті өтеу бойынша одан әрі төлемдердің үшінші тұлғага (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атаяу және орналасқан жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талантардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы

сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын оасқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап құнтізбелік отыз күн ішінде;

7.2.2. қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап құнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей хабардар етуге:

1) шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы акпаратты қамтуы тиіс;

2) шарт бойынша қарыз алушы - жеке тұлғаның ұйымға жүгіну құқығы;

3) қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауының салдары.

Шартта, егер хабарлама борышкерге шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі деген талап қамтылады:

4) Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

5) Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса, жазбаша хабарлауға міндетті;

6) жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі;

7.2.3. қарыз алушы - жеке тұлғаның өтініші алынған күннен кейін құнтізбелік он бес күн ішінде шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді және қарыз алушы - жеке тұлғага жазбаша нысандан не туралы шартта көзделген тәсілмен хабарлауды қарау:

1) шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келіскенде;

2) берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары негізінде жүргізіледі;

3) шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсете отырып,

7.2.4. ұйым шартта көзделген тәртіппен жақсарту талаптарын қолданған кезде Шарт талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар етуге;

7.2.5. орналасқан жері озгерген не атаяу өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға, сондай - ақ қарыз алушыларды (өтініш берушілерді) микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша, сондай - ақ қарыз алушы (өтініш беруші) - жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және қарыз алушы (өтініш беруші) - заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті акпарат жариялау арқылы не осындай өзгерістер болған күннен бастап құнтізбелік 30 (отыз) күннен;

7.2.6. микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесін қарыз алушының (өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде МҚҰ интернет-ресурсында орналастырысын;

7.2.7. өтініш берушіге микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс акпарат беру;

7.2.8. қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-кимыл туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес мәліметтерді хабарлауға;

7.2.9. уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген микроқаржы ұйымы қарыз алушысының борыштық жүктемесі коэффициентінің есептеу тәртібін және шекті мәнін сактау;

7.2.10. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және шартпен белгіленген өзге де талаптарды сактау.

## 8. МҚҰ үшін шектеулер

### 8.1. МҚҰ құқығы жоқ:

8.1.1. сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгерту;

8.1.2. кепілсіз банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша құнтізбелік алпыс күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда

тиисті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшеріне тен немесе одан асатын мөлшерде микрокредит беру.

8.1.3. қарыз алушыдан микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) коспаганда, кез келген төлемдерді белгілеуге және алуға;

8.1.4. жеке тұлға болып табылатын, микроқаржы ұйымына микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған қарыз алушыдан талап ету;

8.1.5. микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

8.1.6. егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) алып кою және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

8.1.7. егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу;

8.1.8. берешек сотка дейінгі өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде сотқа қарыз алушының берешегін өндіріп алу туралы талап қойып жүгінуге, көрсетілген кезеңге есептелген сыйақыны төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес;

8.1.9. кез келген валюталық баламага байланыстыра отырып, тенгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу.

## 9. Міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі.

9.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптар осы Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

9.2. Қарыз алушы микрокредит бойынша төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін, шарт жасасу үшін және микрокредит бойынша құжаттаманы дұрыс жүргізу үшін қажетті ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы мен түпнұсқалығы үшін толық жауапты болады.

9.3. Микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін қарыз алушы мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

9.4. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл өсімақысын) төлеу Қарыз алушыны микрокредит пен сыйақыны қайтару жөніндегі міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.5. Егер қарыз алушы микрокредиттің нысанасын мерзімінде қайтармаса, сыйақы микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушының барлық төлемдері, микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, микрокредит беру туралы шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасынан жиынтықта аспауы шартымен микрокредит нысанасын пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін төленеді;

9.6. Микрокредитті өтеу кезінде 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам кешіктірілген жағдайда Қарыз беруші берешекті сотқа дейінгі тәртіппен өндіріп алу үшін коллекторлық агенттіктерге жүгінуге, атқарушылық жазба жүргізуге немесе өзінің бұзылған құқықтары мен занды мүдделерін корғау үшін сотқа жүгінуге құқылы.

9.7. МҚҰ қарыз алушыдан шарт бойынша барлық міндеттемелерді мерзімінен бұрын (МҚҰ көрсеткен мерзімде) орындауды талап етуге құқылы, ал қарыз алушы микрокредиттің қалған өтмелеген сомасын және ол бойынша сыйақыны және төменде санамаланған талаптардың кез келгенін бұзғаны үшін шарт бойынша төленуге жататын өзге де соманы бір мезгілде толық қөлемде қайтаруға міндеттенеді:

1) қарыз алушы қүнтізбелік қырық күннен астам өтеу мерзімін бұзған кезде;

2) мәліметтерді жасырған және/немесе қарыз алушы микрокредит беруге әсер ететін анық емес акпаратты берген кезде;

5) заңнамалық актілерде және/немесе осы шартта көзделген өзге де жағдаиларда тоқтатылады.

9.8. Ұйым шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғага берген кезде шарт шенберінде МҚҰ-ның Қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылады.

## 10. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі

10.1. Шарттың Тараптары оған қосымша келісім жасасу арқылы шарттың талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, олар осы Шарттағы Тараптардың қатынастарына ғана қолданылатын болады.

10.2. Микрокаржы ұйымы қарыз алушы үшін олар жақсарған жағдайда шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Қарыз алушы үшін Шарт талаптарын жақсарту деп:

- тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, есімпұлды) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;

- шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту.

МҚҰ жақсарту талаптарын қолданған жағдайда Қарыз алушы шартта көзделген тәртіппен шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар етіледі.

10.3. Осы Шартта көзделмеген барлық қалған жағдайларда. Тараптар МҚҰ сайтында орналастырылған микрокредиттер беру қағидаларын басшылыққа алады.

10.4. Осы арқылы Қарыз алушы осы Шартпен және МҚҰ ресми сайтында орналастырылған микрокредиттер беру қағидаларымен танысқанын және келісетінін растайды.

## 11. Дауларды шешу

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау шамасына қарай туындайтын кез келген даулы мәселелер, келіспеушіліктер не шағымдар Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен реттелуі үшін ақылға қонымын шаралар қабылдауға міндеттенеді;

11.2. Егер тараптар келісімге келе алмаса, осы Шартқа қатысты барлық шешілмеген даулар сот органдарында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қаралуға жатады. Бұл рәтте тараптар барлық даулар қарастырылған жағдайда деп уағдаласты:

-жалпы юрисдикция сотында, Қазақстан Республикасының Азаматтық-процессуалдық заңнамасына сәйкес Қарыз берушінің орналаскан жері бойынша.

## 12. Қорытынды ережелер

12.1. Қосылу шарты МҚҰ-ның интернет желісіндегі ресми веб-сайтында: [www.gmoney.kz](http://www.gmoney.kz) және орналастыру күнінен бастап күшіне енеді.

12.2. Қосылу шартына өзгерістер мен толықтыруларды МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде және (немесе) заңнаманың өзгеруіне байланысты өз қалауды бойынша бір жақты тәртіппен жүзеге асырады және МҚҰ-ның интернет желісіндегі ресми веб-сайтында: [www.gmoney.kz](http://www.gmoney.kz) және осы күннен бастап жасалған шарттар мен келісімдерге қолданылады.

12.3. Микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың қосымша келісімді ресімдеуі арқылы жасалады.

МҚҰ-ның пошталық мекенжайы және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ак оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер:

Пошталық мекенжайы:

Электрондық және пошталық мекенжайы: [unicredokz@gmail.com](mailto:unicredokz@gmail.com);

Интернет ресурсы: [www.gmoney.kz](http://www.gmoney.kz)

## 13. Тараптардың деректемелері және қолдары

Тараптардың деректемелері мен қолтаңбалары МҚ шартында көрсетіледі.

